



• Табиғат таңғажайыптары

ӨЗЕННІҢ «КІШКЕНТАЙ ЖЕНДЕТТЕРІ...»

Осы асқан зұлмылық та, қаңқұмар қаскөйлік те кеудесінде жаны бар тіршілік иесінің бой-бітіміне, азуының үлкен-кішілігіне байланысты емес-ау деймін. Шыны керек, арыстан, жолбарыс, алып киттер, қасқырлар санамызда тек қанша, адам жегіш, жалғалыш сымды қалыптасып қалған.



Ал, шын мәнінде көбінесе олай емес екен. Жан-жануарлардың ішіндегі ең балажаны, мейірімдісі салмағы 50 тоннаға дейін тарта-тын алып киттер мен құрлықтың ең алып жануары Африка пілдері екен. Бұлар ешқандай да балаларын тастамайды, жетім қалғандарын сыртқа теппей, бірден бауырына тартып емізеді, туған анасындай қорғайды. Жақында телесидарың ұйыққа батып өлген бекетерің кимай бір үйір пілдің аптаң-аш бір аптаға дейін әлгі жерден кетпей жүргенін көрдік. Соған қарағанда жауыздық, қанішерлік азулары керекарыс ірілерден шығады деген пікіріміз сәл ұшқарылау сияқты ма қалай? Қайта оларға қарағанда ұсақ жыртқыштар қатыгездеу көрінеді. Тамылжыған табиғаты гүл жайнаған Бразилияның Боливияға шекаралас аймағында Рио-Парагвай атты көпке белгілі ірі өзен бар. Жер жаһанға оның атын жаман жағынан жайған «бойы бір қарыс, сакалы қырық қарыс» деп суреттелетін ертегі кейіпкерлерінің өмірдегі шын бейнесі, бойы-басы, бар-жоғы бір екі-ақ қарыс, бірақ, қасқандемдігі тіршілік иесінің бәрін тітіретіп, көргеннің аза бойын қаза қылатын - пиранья атты кішкентай жемдеттер.

аударсақ «пират» болып шығады. Яғни, өмірінің барлық мәні тонау, зорлау, сол жолда кімнің де болса жанын жаһаннамға жіберуден тайсалмайтын теңіз қарақшыларының табиғаттағы сынарлары десек болады. Ұзындығы 35-40 сантиметрдей ғана болатын бұл кішкентай жемдеттер Бразилия өзендерінің нағыз қарғысатқан тажалдары саналады. Олар осы өзендердің талассыз бірден-бір қожайындары. Арадай өткір азулары қайшылап жаны бардың бәрине тайсалмай ұмтылатын олардың жолында тұратын ешкім жоқ деуге болады. Өздерінен ондаған есе үлкен болса тіпті жақсы, құдайдың тегін асты бергені. Сәлден соң-ақ әлгі бейбақтың шапшыған сүйегі ғана қалады. Ол күмөңсіз...

Бір қызығы, «ит қорыған жерге ош» демекші көптеген еріккен байлар, басқа емес, дәл осы пираньяларды аулап, сорпасын ішуге құмар екен. Осы үшін «айшылық алыс жерлерден» ат терлетіп келіп, қауіп-қатерлерге қарамай қызыққа бататын көрінеді. Өзендер балыққа өте бай, 240-тан астам түрі бар. Пи-

раниялардан ақыл-есі кемел адам түглі төрт аяқты аң біткеннің ең сағы, жүректісі, жүрісін жылғаға сездірмейтін яғуардың өзі өлердей салмайтын теңіз қарақшыларының қорқады. Судың өзін он ойлану, алдымен әбден бақылап, зерттеп барып ішеді. Әйтпесе, абайсызда пиранья бар жерге аяғын батырса аяғы, тұмысың батырса тұмысы қалады. Пышақтай өткір азулар қырқып түседі. Өйткені, жергілікті үндістер оларды "денесінің жартысына дейін ауыз" деп те суреттейді. Шөл қысқан яғуар басқа амал іздейді. Ұзын құйрығымен, салалы сирағымен суды сабалап-сабалап алады да келесі бетке қарғиды. Ұшып бара жатып жолы бір жұтым су ішіп үлгереді. Ары-бері секіріс шөлі қанғаша осылай жалғаса береді. Жан керек болса осылай істемесеке шараң жоқ. Сақтың сағы, қандықөз өжет дәумсықтық өзін осылай шошытып қойған кішкентай жемдеттерге жүрегі дауалап қарсы шығатындар жоққа тән. Ол, ол ма, осы жерлердің қожайындарының бірі, түрі жан шошырық, ұзындығы 6-7 метр

келетін анаконда. Жұрт қарадай шоштын осы анаконданың зәресі зәр түбіне кетіп қорқатын «бөжегі» адам емес, аң емес, «бір қарыс» пираньялар көрінеді. Қарны ашқанда қаһарланып, қимылына көз іспей ұмтылғанда қабанның өзін жұтып қоятын бұл «айдаһар» абайсызда суға түсіп көрсін, кішкентай жемдеттерден сазайын қас пен көздің арасында-ақ тартады. Оларды кейде тамақтан өтгеннің бәрін жейтін, сүйектің өзін талқанын шығарып жұтып қоятын Африка гиенасымен, өлекесінің иісін көмулі жатса да қиядан сезетін құзғын-грифтерге теңеп жатады. Бірақ, олардың өзі пираньялардың жанында «әдепті бала» сынды. Бұл кішкентай жемдеттердің ашқарақтығына әлемдегі ешбір тіршілік иесі тең келе алмайды. Басқасы басқа, көргенде тұла бойын түршігетін алып қолтырауындар пираньялардың қарасын көргенде «пәлесінен аулақ» деп бірден арқасына аунап түсіп әлек болады. Себебі, олардың тісі қанша өткір десек те қолтырауынның қолқырыштай қатты сінірі арқасына батпайды екен. Қарны мен табаны ғана сәл жұмсақтау. Бұл құбыжық та пираньяларға жолыққанда дер кезінде арқасына аунап үлгермесе, шаруасы бітті деп есептей беріңіз... Сонан соң құрттай «батырға да жан керек» қолтырауынның өзін пәлекеттерден шалқалап жүзіп құтылады екен...

Бұларды балықшылар қармаққа кесек-кесек ет іліп барып ұстайды. Оның өзінде бірден емес. Азуы қанжардай пираньялар көбіне қармақ темірінің өзін көлденен келсе, қарш-құрш шайнап тастайды.

Әбдімәлік БЕЛГІБАЙ.



Аудандық қоғамдық-саяси апталық газет

ТҮРКІСТАНДА ТАҒЫ БІР ЗАУЫТ АШУ БОЙЫНША КЕЛІССӨЗДЕР ЖҮРГІЗІЛДІ



Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды отандық инвесторлармен кездесіп, өңірде ондірде зауыттарын ашу бойынша келіссөздер жүргізді.

«Евразия Транзит Групп» ЖШС Байқау келіссөзінің құрылтайшысы және Төрағасы, «Қазмехлитпром» ЖШС-н өкілі Серік Уалиевпен кездесуде бірқатар жаңа жобаларды жүзеге асыру барысы талқыланды.

Бұл компания Түркістан облысының аумағында инвестициялық жобаларды іске асыру үшін арнайы ашылған. «Қазмехлитпром» көлік-экспедиторлық қызметтер көрсетеді және Қазақстан мен ТМД елдерінің бүкіл аумағы бойынша жүк тасымалдайтын вагон-цистерналар мен вагондар ұсынады.

– Біздің өңір - Орталық Азиядағы бизнесті кеңейтудің жаңа көкжиегі. Осы орайда, Қазақстанның логистикалық мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында Түркістан облысында Орталық Азия мен Евразиялық Экономикалық Одақ арасындағы экспорт пен импортты кеңейтуге мүмкіндік беретін құрғақ портты енгізу жоспарлануда.

Инвестиция тарту, өндіріс орындарын ашу – біздің басты бағытымыз. Отандық компаниялардың бизнесті дамыту жөніндегі бастамаларына толық қолдау көрсетуге дайынбыз және ынтымақтастығымыз ұзақ мерзімге жалғасады деп үміттенеміз. Жаңа бастама өзге де инвесторлар үшін үлгі болады деген сенім бар. Түркістан өңірі еңбек ресурсына бай, халқымыз өте еңбеккер. Ауа райы қолайлы. Кәсіпкерлер үшін қолайлы инвестициялық қалыптасқан. Түркістанды тәулетуге үлес қосып жатқан кәсіпкерлерге барынша жағдай жасаймыз, – деді облыс әкімі

Дархан Сатыбалды. Жоспар жүзеге асқанда жана көсіпорын 20 гектар аймақта орналасады. Онда вагон бөлшектері, тау-кен, металлургия кешені үшін, құрылыс және ауыл шаруашылығы машиналарын жасауға арналған жабдықтар мен қосалқы бөлшектер шығарылмақ. Тараптар Түркістандағы «TURAN» арнайы экономикалық аймағында жана зауыт ашу бойынша бастаманы жан-жақты пысықтады. Отандық инвестор бұл мақсатта 20 млн АҚШ долларынан астам қаражат құюға дайын. Жобаның қуаттылығы жыл сайын артпақ. Ауысымына 200 тонна болат құятын зауытта 100-ден астам жергілікті тұрғын тұрақты жұмыспен қамтылмақ.

Инвестор түркілер ордасында еңбек студегі таңдауын түсіндіріп, бұл жобаның рухани маңыздылығына тоқталды. – Түркі әлемінің алтын бесігі – қасиетті де киелі мекенде еңбек етіп, Түркістанның дамуына үлес қосудың біз үшін рухани маңыздылығы зор. Жаңа бастаманы абыроймен тартуға, елге қызмет етуге келіп отырмыз. Жобамыз жүзеге асқан соң, оны әрі қарай кеңейтуді көздейміз. Бұл бағытта қолдау білдіргендеріңізге алғыс айтамыз, – деді Серік Уалиев.

Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі

"ТАЗА ҚАЗАҚСТАН": ОТЫРАРДА АРЫСТАНБАБ КЕСЕНЕСІНІҢ МАҢЫНДА ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ



Түркістан – еліміздің туристік әлеуеті зор өңірдің бірі. Облыс орталығынан бөлек Отырар өңірі де киелі аймақ саналады.

Ежелден ғылым мен білімнің, мәдениет пен өнердің ордасы болған Отырар - қазақ өркениетінің алтын діңгегі деп те аталады. Отырар ауданындағы тарихи терең киелі орынның бірі Арыстанбаб кесенесі. Мұнда шет мемлекеттер мен еліміздің әр өңірлерінен келетін туристер саны жыл санап артып келеді. Аталған аймаққа келушілерге қолайлы жағдай жасау арқылы туризмді дамытудың мүмкіндігі жоғары.

Осы мақсатта акцияға қатысушылар "Таза Қазақстан" акциясының "Киелі мекен" апталығы аясында кесене аумағын қызық қалдықтарынан тазартты.

"Мұрагер" қоғамдық бірлестігінің мүшелері, ауыл тұрғындары мен ерікті жастар қатысқан тазалық шарасы барысында қор-

шаулар сырланып, ағаш түттері әктелді, арашөптер оталып, жаяу жүргіншілер жолындағы қызық қалдықтары жинақталып, шығарылды.

Арыстанбаб 11-12 ғасырларда өмір сүрген, ислам ғұламаларының бірі, Қожа Ахмет Ясауидің ұстазы. Кесенеде Қарға баба, Лашын баба және Шерімбет әздер жерленген. Құрылыстың бастапқы мазары XII ғасырда басталған. XIV ғасырда Әмір Темір кесене тұрғызған. XX ғасырдың 1907-1909 жылдары (хижра бойынша 1327 жыл ) Қалмырза Мүсәйіровты Арыстанбаб кесене-мешітін және басқа да жерлеріне қайта жөндеу жұмыстарын жүргізген. Соның жөндеу жұмыстары 2004 жылы жүргізілген. 2023 жылы кесенеге келушілер 278844 адамды құраған.

"Отырар-ақпарат".

Отырар аудандық мәслихат төрағасының ШЕШІМІ

17 сәуір 2024 жыл

№ 20/VIII

Сегізінші шақырылымдағы Отырар аудандық мәслихатының кезектен тыс он төртінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 10-бабының 2 тармағына және Отырар ауданының әкімі С.Сұлтанхановтың 17.04.2024 жылғы №40-10-01/691 ұсыныс хатына сәйкес сегізінші шақырылымдағы Отырар аудандық мәслихатының кезектен тыс он төртінші сессиясы 2024 жылғы 22 сәуір күні сағат 11:00-де Шәуілдір ауылында, аудан әкімдігінің мәжіліс залында өтетіндігін хабарлар етемін. Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының мәжілістері осы күні сағат 10:00-де өтеді. Депутаттар мен сессияға шақырылғандарды тіркеу сағат 09:30-дан бастап аудандық мәслихатта жүргізіледі.

Сессияның қарауына енгізілетін мәселелер: 1. Отырар ауданының мәслихатының 2023 жылғы 21 желтоқсандағы №10/57-VIII «2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы; 2. Отырар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы №11/63-VIII «2024-2026 жылдарға арналған ауылдық округтерінің бюджеттері туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы; 3. Отырар ауданының жер комиссиясының құрамына өзгерістер енгізу туралы; 4. «Отырар ауданының Құрметті азаматы» атағын бөру туралы.

Отырар аудандық мәслихатының төрағасы Ұ.ҰЗАҚОВ.

Отырар аудандық мәслихатының депутаттары, аудан әкімі мен аудан халқының назарына!

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына және Отырар ауданының әкімі С.Сұлтанхановтың 17.04.2024 жылғы №40-10-01/691 ұсыныс хатына сәйкес сегізінші шақырылымдағы Отырар аудандық мәслихатының кезектен тыс он төртінші сессиясы 2024 жылғы 22 сәуір күні сағат 11:00-де Шәуілдір ауылында, аудан әкімдігінің мәжіліс залында өтетіндігін хабарлар етемін. Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының мәжілістері осы күні сағат 10:00-де өтеді. Депутаттар мен сессияға шақырылғандарды тіркеу сағат 09:30-дан бастап аудандық мәслихатта жүргізіледі.

Сессияның қарауына енгізілетін мәселелер: 1. Отырар ауданының мәслихатының 2023 жылғы 21 желтоқсандағы №10/57-VIII «2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы; 2. Отырар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы №11/63-VIII «2024-2026 жылдарға арналған ауылдық округтерінің бюджеттері туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы; 3. Отырар ауданының жер комиссиясының құрамына өзгерістер енгізу туралы; 4. «Отырар ауданының Құрметті азаматы» атағын бөру туралы.

Отырар аудандық мәслихатының төрағасы Ұ.ҰЗАҚОВ.

КӨРІКТІ КЕБЕЖЕЛЕР

кебежелер жиі кездеседі. Сырдария бойында кездескен сүйектелген кебежелердің беттері әр түрлі геометриялық фигуралар формасында жонылып, өрнектелген сүйек әшекейімен көркемделіп келген. Отыз бес жылдан аса тарихы бар Отырар мемлекеттік археологиялық музей - қорығының қоры көне археологиялық, этнографиялық және рухани мұраға өте бай. Музей жәдігерлеріндегі кебежелер коллекциясында сүйектелген кебежелерді, екі көзді, көші қонға лайықталып, төрт құлақты үлгіде жасалынған кебежелердің түрлерін көптеп кездестіре аламыз. Халқымыздың өмірінде ежелден бері ағаштан жасалатын үй бұйымдарының орны ерекше болған. Осыған орай олардың күнделікті тұрмыста пайдаланған ағаштан жасалатын үй-іші жиһаздары мен ыдыс-аяқтары көші-қонға немесе отырықшылыққа бейімделіп жасалған. Қазақ шеберлері жиһаздарды әшекейлеуге, ою ойып, түрлі түсті бояулармен өрнек салып, әсемдеумен бірге сүйекпен әр түрлі металдармен, түрлі түсті тастармен, шынылармен, көркемделі де білген. Ағашқа ою-өрнек салуда өсімдік ою-өрнектерін (ағаш ою, гүл ою) геометриялық, зооморфтық ою-өрнектерді қолданған. Сонымен қатар, ағаштан жасалатын үй

бұйымдарының бетіне жүргізілетін ою-өрнектердің мотивінде де, безендіру тәсілінде де, әрбір өңірдің жергілікті ерекшеліктері болған. Мысалы: Қазақстанның Оңтүстігінде стильденген қошқар мүйіз оюы мен геометриялық фигураларды түрлі бояумен сәндеу басымдық болған.

Қазақ шеберлері жиһаздардың (мебельдердің) алдыңғы жағына қараған бетін гана әшекейлеп, оюлаған да екі жаптың, үстіңгі бетін жай ғана тақтайдан қаққан. Төсек ағаш, кебеже, жұқааяқ, асадал, сандық сияқты жиһаздарды көпшілі өмірге бейімді етіп және көшіп қонуға жеңіл әрі ықшамды етіп жасайтын болған. Осындай құнды жәдігерлерімізді Отырар мемлекеттік археологиялық музей - қорығынан көптеп кездестіруге болады. Сондай-ақ, музей қорында зор мақтаншыпен айта алатын 400-ден аса ағаштан жасалған бұйымдар сақтаулы тұр, оның 31 данасы кебежелер коллекциясы болып табылады. Ағаштан жасалған бұйымдардың кең таралған түрлері - кебежелердің кескіні мен жасалу тәсілі барлық жерде бірдей әдіспен төрт қабырғасы, түбірі мен қақпағы, төрт қырлы төрт қазық арқылы біріктіріліп жасалғанымен, кей аймақта қазықтар арқылы доғаланып, тік

бұрышты болып иілген кәсек тәрізді жақтаулы әдіспен құрастырылып, екі көзді көші -қонға лайықталып төрт құлақты үлгіде жасалынған. Музей коллекциялары ел арасынан жиналған деректерді зерттеу негізінде кебежелердің кескіні бірдей болғанымен, олардың ою-өрнектері әр өңірде әр түрлі болып келгені жайында айтылады.

Қорығанды. Кебежені қазақ ежелден азық-түлік сақтауға пайдаланған. Ол Қазақстанның барлық аймақтарында кенінен тараған. Кебеженің жалпы кескіні мен жасалу тәсілі барлық жерлерде бірдей болса да, бет жағын көркемдеу тәсілі әр түрлі болып, бірсыпырасы жергілікті елдің ерекшеліктерін аңғартады. Кебеже күнделікті тұрмысқа өте қажет бұйым болғандықтан, ағаш ұсталары оны көбінесе, ешкімнің тапсыруынсыз-ақ, көптеп жасап, сауда көзіне айналдырған. Мұндай кебежелерді онша көркемдемейді. Өйткені, ою-өрнекпен безендіріліп, көркемделген кебежелер қымбат болған. Оны сағып алуға көпшілік халықтың мүмкіндігі бола бермеген.

Нұрлан УСАИНОВ, Отырар мемлекеттік археологиялық музей-қорығы РМҚК реставрация және консервация ғылыми-зерттеу бөлімінің қызметкері.

Отырар алқабы. Директоры Азат Топенұлы ӘМІРБЕКОВ. Бас редакторы Кәдірхан Сейілханұлы МАХАНБЕТ. Жауапты хатшысы Рысбек Әбубәкірұлы ҚҰЛЖАН. Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігінде 2017 жылғы 13 желтоқсанда тіркеліп, оған №16791-Г куәлігі берілген. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаментінің Отырар аудандық Әділет басқармасында 2017 жылғы 14 шілдеде қайта тіркеуден өткізілді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, құрастырылып. Жеке кәсіпкер «PrintSap» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Т.Әлімқұлов көшесі №22. Индекс: 66741. Автордың пікірі редакция қолқарасын білдірмейді. Суреттерді сапасына рәкәзия жасап бермейді. Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жыл) асқан материалдар қабылданбайды. Қолжазбадан авторға қайтарылмайды. Тапсырыс: № 953 Таралымы: 4000.